

КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ

Алибекова А.А., магистрант
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазіргі Қазақстан-конфессияаралық және этносаралық келісімді нығайту, азаматтық қоғам тұрақтылығының негізгі факторларының бірі болып табылатын көпмәдениетті, көпэтносты және көпконфессиялы мемлекет. Қазақстанды ішкі саясаты, оның маңызды бағыттарының бірі этносаралық және конфессияаралық келісім моделі қалыптасқан ел ретінде таниды.

Біздің егеменді ел болып дамуымыздың алғашқы жылдарынан бастап конфессияаралық және этносаралық келісімді нығайту басымдыққа ие болды.

Әлемдік діни экстремизм мен терроризм, мемлекеттегі дінаралық қатынастарға назар аударуға ықпал етіп, бұл салаға стратегиялық сипат беріп отыр. Сондықтан дін, діни ұйымдар, олардың қызметін құқықтық тұрғыдан реттеудің маңызы артты. 2011 жылы 18 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы» №84 жарлыққа қол қойды [1, 3 б.].

Жарлыққа сәйкес мәдениет министрлігінің діни істер комитеті таратылып, «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігін бөліп шығару жолымен, оған конфессияаралық келісім, азаматтардың діни сенім бостандығына қатысты құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді бере отырып, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі қайта ұйымдастырылсын», - деп жазылған [2].

Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстан Республикасындағы діндер мен конфессиялардың саны көбейіп 45-ке жетті. Республика аумағында бұрын соңды тіркелмеген діни конфессиялар пайда болып, өздерінің діни ғибадатханаларын тұрғызып қана қоймай, жергілікті халықтар есебінен мүшелерінің саны артты [1, 4 б.].

Қазақстанның 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заңы дәстүрлі емес діндердің елімізге ағылып келуіне құқықтық жол ашып берді. Шетелдік дәстүрлі емес діни секталар заңның «жұмсақтығын» пайдаланып ресми тіркеуден өтін, жұмысын жандандырды. Қазақстан халқының діни негізде жіктелуі тереңдей түсті. Батыстық христиандық-протестанттық секталар ерекше белсенділік көрсетті. Олардың ішінде «ехоба куәгерлері», «сеонтология шіркеуі», «грейс-блогодать», «жаңа өмір», «жетінші күн адвентистері» т.б. Қазақстанда оларға қарсы мұсылмандықты нығайтуды мақсат еткен түрлі дәстүрлі емес исламдық секталар да кең таралды. Уаххабшылар, салафиттер, ахмадияшылар, зікіршілер, сопылар мен бахайлар, кришнайттар, т.б. уағыз жүргізді [3].

Бүгінде көп ұлтты, көп конфессиялы мемлекет ретінде дінаралық қатынастарды реттеуге ерекше көңіл бөлінуде. ҚР Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп атап өткен [4]. Осындағы зайырлылық нормасы тікелей дінге қатысты. Зайырлы ұғымы мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екендігін де білдіреді. ҚР конституциясының зайырлылық туралы нормасы еліміздегі діни қатыныстарды реттеудің конституциялық негізі болып табылады.

2003, 2006, 2009, 2012, 2015, 2018 жылдары Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I, II, III, IV, V, VI съездері өткізілді. Бұл бас қосу халықаралық резонансқа ие болды және әлемдік конфессияаралық диалог алаңына айналды. Съез дүниежүзінің әр түрлі діни бағыттағы өкілдерінің басын біріктірді. Бұл мемлекеттің конфессияаралық келісім саясатын, барлық этностар мен конфессияларға құрметпен, толерантты қарым-қатынаспен қарайтынымызды растайды. Оның қатысушылары бұл іс-шара дінаралық келісім үдерісін қосылған қомақты үлес деп бағалаған болатын.

Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының кездесулерінде, үнемі еліміздегі конфессияаралық келісім мен диалогтың маңыздылығы ерекше аталып өтіледі. Съезде конфессияаралық келісім мен диалогтың негізгі принциптері айқындалды. Олар: толеранттылық, өзара құрметтеу мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік. Бұл қағидалар Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың да негізін құрайды. Дін даусыз біріктірудің, интеграциялық процестердің күшті факторы бола алады. Ол үшін діндерден қайшылықтарды емес, керісінше, ортақ белгілер мен принциптерді, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастауды іздеуге міндеттіміз [1, 46 б.].

Этносаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық диалог қазақстандық социумдағы түрлі этностар мен діндердің бейбіт өмір сүруінің негізін қалады. Көп этносты Қазақ еліндегі этносаралық қатынастар тұрақты әрі демократиялық дамудың шешуші факторы, ұлттық қауіпсіздіктің объективті алғышарты және мемлекеттің сыртқы саяси қызметінің базалық негізіне айналды.

Біздің еліміз өңірдегі мейлінше тұрақты дамып келе жатқан мемлекет. Қазақстан – достық ниеті бар елдерге сенімді және беделді серіктес мемлекет. Мемлекеттің басты құндылықтары адамдардың этностық шығу тегі мен діни наным-сеніміне қарамай олардың еркіндігі мен тең құқығын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылуы ұлттық саясаттың іс жүзінде институционалдық деңгейге көтерілгендігін көрсетеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы әлеуметтік институт ретінде этносаралық қатынастарды үйлестірудің тиімді тетіктерін қалыптастырып, оның сапалық тұрғыда жаңа негізін қалап отыр. Бұл жаңашылдықтың мәні этносаралық және дінаралық келісімді нығайту ісінде мемлекеттік саясат пен қоғамдық бірлестіктер арасында өзара серіктестік қарым-қатынастың орнығуында еді. Бұл қазіргі өркениет тарихындағы ерекше құбылыс болып табылады [5].

Абай атамыз айтқандай: «Адамды адам ететін де иман, Сұлтан ететін де иман». Елдегі тұрақтылықты сақтау үшін, халықтардың бүгінгі дінге деген шынайы сенімі мен құрметін шайқалтпай халықтың иманың көтерін, оны заң аясында күшейту керек. Рухани байлық бар жерде елдің бірлігі де нығая түседі. Ал ел бірлігі мықты болса онда мемлекет те мықты. Оның іргесі де берік. Біздің елдегі саясаттың басты бағыты да осы. Сондықтан қазір біз санамызды тазартып, ұлттық рухымызды оятуымызға, халқымызды рухани жұтандықтан шығаруға жұмыла жұмыс істеуіміз қажет.

Қазақстанда 130 ұлт пен ұлыс өкілдері және ондаған діни конфессиялар тұрады. Конституциямен 1992 жылы қабылданған діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы ҚР заңына сәйкес діни сенім бостандығы заң аясында іске аса бастады. Заңға сәйкес барлық діни бірлестіктер Мемлекеттік органға тіркелуі тиіс. Елімізде бір діннің үстемдігі жүргізуіне діни алауыздық пен өршпенділікті тұтатуға талпынатын діни бірлестіктерді құруға немесе қызмет етуіне тыйым салынған. 2011 жылы ҚР діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңы қайта қабылданды. ҚР заңнамасы мемлекеттің зайырлы сипатын бейнелейді және әркімнің діни сенім бостандығымен құқығын қамтамасыз етеді.

Елімізде тәуелсіздік жылдарында діни институттар көбейіп діни бірлестіктердің саны да айтарлықтай өсіп рухани дәстүрлер жанарып жаңа культтық ғимараттар, мешіттер, шіркеулер, ғибадатханалар тұрғызылуда. Бұл елдегі ар-ұждан бостандығымен рухани жаңғыру қамтамасыз етуге этносаралық келісім мен азаматтық татулықты сақтау мен нығайтуға бағытталған мемлекет саясатының жемісі. Елімізде діни сауаттылықты жетілдіру мақсатында жоғары арнаулы орта және жалпы білім беретін оқу орындары ашылған. Ірі мешіттерде курстар, ал шіркеулер жанынан жексенбілік мектептер бар.

Әртүрлі конфессиялардағы халықтардың бейбіт өмір сүруі экстремизмнің таралуына қарсы әрекет Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының басты мәселелерінің бірі. Қазақстан жерінде көне заманнан бері сан алуан діндер мен мәдениеттер тоғысқан. Дін мен зайырлы биліктің тек қана қатар өмір сүрулері емес, сонымен бірге елді басқару ісінде де мінсіз үндестік табатының қазіргі тарихтың сан алуан мысалы айқын айғақтап беріп отыр.

Өлемнің көптеген елдерінде соның ішінде Қазақстанда да дәстүрлі емес діндер қатты даму үстінде. Олардың әрекеттері діни қатынастар шеңберінен шығып, экстремистік тіптен террористік сипат алып отыр. Ұлтаралық және дінаралық қайшылықтарды тудырып, әртүрлі кикілжіңдерге негіз болуда. Сондықтан да бүгінгі ұрпаққа әлемдегі және Қазақстандағы діни ахуалды терең оқып үйренудің, әртүрлі жат діндердің мақсатын, әдіс-амалдарын басқа да әрекеттерін білудің маңызы зор. Себебі, бүгінгі күнгі дәстүрлі емес діндер өздерінің жұмыстарының әдіс-амалдарын, түр-сипатын үнемі өзгертіп отырады. Олар көптеген жастарды өз діндерінің құрбандарына айналдырып та үлгерді. Мұндай жағдайлар біздің республикамызда да орын алып отыр. Осының бәрі де мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі дінтану пәндерін қайта қарауды және оқытуды талап етеді [1, 5 б].

Айта кететін жайт, қазақ жері діни толеранттылық пен конфессияаралық келісімнің ерте тарихы бар мемлекет. Қазақстан ортағасырлардан түрлі мәдениет мен діндердің тоғысқан аймағы болды. Қазіргі Қазақстан аумағында бірнеше ғасыр бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық және ислам сияқты әртүрлі нанымдар бірге өмір сүрген, яғни толеранттылық пен конфессияаралық келісімнің үлгісі болған.

Конфессияаралық келісім мәселесін үнемі Елбасымыз бен Үкіметіміздің басты назарында екендігін, бұл бағытта үнемі жұмыс істеп жатқандығын ерекше атап өткен жөн. Мұның жарқын дәлелі ретінде, екі әлемдік діннің, атап айтсақ исламдағы «Құрбан айт» пен православиядағы «рождество» діни мейрамдарын мемлекеттік мейрам деп жариялау жөніндегі шешімді ерекше атауға болады. Мемлекетімізде ислам мен православиялық бағыт тұрақтылықпен өзара келісімді, түсіністікті сақтау мен нығайтуда маңызды қызмет атқарады.

Соңғы жылдары Қазақстандағы демократиялық принциптерге қарамастан діни-ахуалдық проблемалар туындады. Экстремистік және террористік бағыттағы Ислам дінін жамылған радикалдық ағымдар пайда болды. Олардың көріністері Ақтөбе облысындағы Шұбарши ауылындағы террорлық әрекеттер, Ақтау, Атырау, Тараз, Алматы қалаларындағы экстремистік ағымдардың көрініс беруі.

Көптеген келімсек діндердің немен айналысып жатқанын қадағалау қиынға соқты. Жергілікті мұсылман тектес халықтарды жаппай шоқындыру белең алды. Қазақстанға батыстық протестанттық бағыттағы дәстүрлі емес діндер және шығыстық ислам туын жамылғы еткен Исламдық теріс ағымдар күшейе түсті. Тоталитарлық зорлық-зомбылыққа негізделген діни ағымдар да қызметін жандандырды. Осының бәрі де Қазақстанның көптеген облыстарында, әсіресе ірі қалаларында көрініс бере бастады. Осының барлығы халқының саны басым Оңтүстік Қазақстан облысындағы да діни ахуалды күрделендіре түсті. Аталған облыста діни бірлестіктердің де саны көп болып отыр. Республика бойынша 4,5 мыңнан аса діни бірлестік болса, солардың бір мыңға жуығы Оңтүстік Қазақстан облысында әрекет етуде. Мешіттерінің саны жағынан да облыс басқа аймақтарға қарағанда көш ілгері тұр. Өзге дінге кіріп кеткен, шоқынған қандастарымыз бен жерлестілеріміздің де саны біздің облысымызда басым.

Қазақстан Республикасындағы діни ахуалдың бірнеше ерекшеліктерін атап өтуге болады.

Біріншіден: Қазақстан Республикасы жас мемлекет. Кенестік дәуірде мұнда атеизм үстемдік құрды. Діндер мен діни қызметкерлер қудаланды немесе шектелді. Мешіттердің саны санаулы ғана болды. Діни салаға Оңтүстік партияның бақылауы күшті болды. Осының бәрі де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан халқының діни тұрғыдан бағыт-бағдарын тура анықтай алмауына алып келді. Себебі, халықтың діни сауаттылығы өте төменгі дәрежеде болды. Халық мешіттер мен шіркеулерге апаратын жолдарды білмеді. Мешіттер мен шіркеулердің өзі әбден тозған жағдайға жеткен еді.

Екіншіден: Қазақстан үкіметі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында принципті діни саясат жүргізді деп айту қиын. Дін саласы өз бетімен дамыды. 1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы діни қызмет үшін, әсіресе, шетелдік діндер үшін барлық есіктерді ашып тастады деуге болады. Шетелдік діни орталықтарда Қазақстандағы діни ахуал туралы мол

акпарат болды. Сондықтан да дәстүрлі емес шетелдік діни ағымдар Қазақстанға бірден мындаған өз миссионерлерін жіберіп жатты. Тек бір ғана Оңтүстік Кореяның өзінен 100-ге жуық діни бірлестіктер келіп орнықты. Олардың 30-ға жуығы тек Оңтүстік Қазақстан облысына орналасты. Діни бірлестіктер құру және тіркеу өте жеңіл болды. Кез келген кәмелетке толған 10 адам діни бірлестік құрып тіркей алды. Тіркелу кезінде діни бірлестіктердің қай дінді ұстайтындығы маңызды емес болды. Осылардың нәтижесінде Қазақстанға дәстүрлі емес христиандық конфессиялар 2-3 жылда орналасып қана қоймай, осы мезгілде жергілікті ұлт өкілдерінен өздерінің қатарын толықтырыпта үлгерді. Екінші жағынан Ислам және мұсылмандық бағыттағы мемлекеттер Қазақстанға өздерінің жүздеген өкілдерін жіберіп жатты. Ислам мемлекеттерінен келген миссионерлер тез арада ондаған мешіттерді салып үлгерді, жүздеген қазақ балалары Сауд Арабиясы, Иран, Пакистан, Түркия, Египет, т.б. елдерге барып діни оқу орындарынан білім алып қайтып отырды. Алғашқы жылдары шетелдерге кеткен балалардың толық тізімдері болмады. Олардың көбі түрлі радикалдық бағыттағы Исламдық діни ағымдардың ықпалына түсіп теріс әрекеттер жолына ауысты.

Үшіншіден: діни бостандығы туын жамылған миссионерлер дәстүрлі мұсылман жолындағы азаматтарды жаппай шоқындыруға кірісті. Діни бағыт анықталмаған, діни сауатсыз жастар мен тінті ересек адамдарда шоқындырудың құрбаны болып, түрлі секталарға кіріп кетті. Дәстүрлі емес діндердің миссионерлік қызмет тәжірибесі өте жоғары дәрежеде болды. Олардың қолында мол қаражат, жеткілікті түрдегі полиграфиялық тұрғыдан жоғары дәрежеде дайындалған діни әдебиеттер, діни білімдері терең ұстаз-миссионерлер, діни рәсімдер өткізілетін храмдар, шіркеулер, ғибадатханалары болды. Ал оларға қарсы тұратын ұйымдасқан мұсылман қауымының бұл саладағы тәжірибесі төмен дәрежеде қала берді. Сауатты мешіт имамдары санаулы ғана еді. Қазақ тіліндегі исламдық әдебиет жоқтың қасында еді. Оның үстіне Қазақстандағы ислам қауымының арасында өзара текетірес қалыптасып бірлік болмады. Осылайша 2000 жылдарға дейін Ислам қауымындағы имамдар мен қызметкерлердің шоқындып кеткен өз қандастарын кері қайыратындай мүмкіндіктері төмен дәрежеде тұрды. Өз қандастарының жаппай шоқына бастауы тек ислам қауымын ғана емес басқа да азаматтардың ашу-ызасын тудырып, дінаралық сол кездегі ұлтаралық қайшылықтардың өсуіне себеп болды.

Төртіншіден: еліміздегі жетекші дін Исламның, біртұтастығының қалыптасуы қиын жағдайда жүріп жатты. Қазақстан Мұсылмандар Дін Басқармасы (ҚМДБ) 1990 жылы құрылды. Бірақ ол барлық мұсылман қауымының тізгінін өз қолына ұстай алмады. Сол кездегі дін туралы заң әрбір Ислам діни бірлестігін өз алдына дербес тіркелуге құқықтық жағдай жасады. Жүздеген мешіттер өз алдына діни бірлестік ретінде тіркелін ҚМДБ-ға бағынбады.

Бесіншіден: мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынас бірден жүйелі сипат алмады. Кеңес өкіметі құлаған соң барлық облыстарда 1994 жылға дейін бұрынғы кеңестік лауазым иесі ҚР Министрлер Кеңесі жанындағы Діни істер жөніндегі уәкіл сақталып тұрды.

Алтыншыдан: Қазақстан көп дінді болғанымен мұнда негізінен Ислам дінінің салмағы басым.

Жетіншіден: Қазақстан батыс және шығыс діни экспансиясының орталығы болып отыр деуге негіз бар. Себебі Қазақстанның дін жөніндегі заңы ең саясаты мейлінше ашық, жұмсақ және либералды болды. Осының бәрі еліміздегі діни ахуалды шиеленістірудің ерекше көзі еді [1, 48-52 б.].

Этносаясаттың әр үлгісінде ережелердің өзіндік жүйесі бар. Ол өзара байланысқан принциптерден тұрады. Адамдардың мінез-құлқын осы ұстанымдар айқындайды. Қазақстандағы қазіргі этносаясат мынадай бес ұстанымға құрылады:

- Этностық, діни, мәдени, тілдік сан алуандық байлық болып табылады.
- Қазақстан этностарының мәдениеті мен тілдерін дамыту үшін мемлекет мақсатты түрде барлық жағдайды жасайды.
- Ұлттың басты құндылықтары толеранттық пен жауапкершілік болып табылады.

- Қоғамдағы біріктіруші рөл қазақ халқына тиесілі.

- Қазақстан халқының бірлігі.

Осының бәрі негізіне жалпыұлттық құндылықтар мен толеранттық принциптер және «әр алуандықтағы бірлік» салынған этносаралық және конфессияаралық қатынастардағы қазақстандық ерекшеліктерді құрайды [6, 117 б.].

Қазіргі жастардың діни сауатын одан әрі дамыту мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Қарағанды облысы бойынша да осы реттегі шаралар өз шешімін тауып отыр. Мысалы, 2021 жылы желтоқсан айында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүркеновтің төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңестің қорытынды отырысы өтті. Аталған отырысқа Кеңес мүшелері, облыстық аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары мен ішкі саясат бөлімдерінің басшылары, облыстағы діни бірлестіктердің басшылары, БАҚ өкілдері қатысты. Кеңес отырысы барысында Қарағанды және Жезқазған қалалары, Осакаров ауданы әкімдіктерінің діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестерінің жұмысы және діни ахуал жағдайы туралы, Қарағанды Е.Бөкетов атындағы университеттің, Қазтұтыну одағының Қарағанды университетінің студент жастармен және олардың деструктивті радикалды діни ұйымдар мен ағымдарға тартылуына жол бермеу жұмысы туралы мәселелер қарастырылды.

Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Бикенов осы бағытта 2021 жылдың 10 айында атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы уақытта қолға алынатын жоспарларымен бөліскен.

Қарағанды қаласында 52 діни бірлестік тіркелген, ислам - 8, православие - 8, католицизм - 9, протестанттық РО - 27, сондай-ақ тіркелмеген - 2 (ЕХБ халықаралық шіркеулер кеңесі), Олар заңнама шеңберінде әрекет етеді. Облыс орталығында 42 діни ғимарат жұмыс істейді (мұсылман мешіті - 8, православие шіркеуі - 6, католик приходы - 9, протестанттық шіркеу - 18, оның ішінде 1 иудей синагогасы). 10 айда 24 415 адамды қамтылған 285 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өтізілді (10 айда қажетті қамту саны - 21 400 адам). 2021 жылға арналған облыстық медиа-жоспарға сәйкес, қала әкімдігі баспа БАҚ-та жоспарланған 30 мақаланың 20 мақаласын жариялады (медиа жоспар 66% ға орындалды). Интернет желісінде 10 айда 320 материал және 723 жарияланым жарияланды. Осы бағыттағы жұмысты күшейтіп, күмәнді қоғамдастықтардың пайдаланушыларын дін істері басқармасына жіберу ләзім және бұл бағытта жұмыстар атқарылуда, - деді Нұрлан Бикенов [7, 7 б.].

Еліміздегі конфессияаралық келісімнің жағдайы туралы көп дүние жазуға болады. Бұл бағытта көптеген шаралар жасалған және жасалуда. Осы ретте Елбасының «Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» деген сөздері, елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі нығайтуға бастама ретінде алуға болады. Әлемдегі саяси ахуалдың қиын-қыстау кезеңінде, елдің тыныштығын барынша сақтауға тырысу керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Маймаков Ғ.Қ. Қазіргі заманғы дінтану негіздері: Оқулық. – Алматы, 2012.
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000084>
3. Байқонысов Е. Терроризмге қарсы тегеурінді күрес керек/ Е.Байқонысов // Қазақстан жолы.-2018ж.-17 қыркүйек.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы Қайрат Лама Шәрін: «Қазақстанның діни алаңы тазартылды» //Егемен Қазақстан.-2012ж.-25 қазан.
5. Қасымова Р. Бірлік, Достық һәм Төле би өнегесі/ Р.Қасымова // Қазақ әдебиеті.-2016ж.-4 қараша.
6. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҚ ТАРИХ. - Алматы, «ҚАЗАқпарат», 2015. - 342.
7. Шалқар Ж. Күш бірлікте/ Ж.Шалқар // Дін және Заман. – 2021. – №4(28). – 7 б.